

Тарихи музейлер мен көрмелер (Экскурсиялық ғылыми студенттік үйірме отырысы)

2025 жылдың 11 желтоқсанында Шымкент университетінде Студенттік ғылыми қоғамның 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Құқық және тарих кафедрасының "Q& Tag Club» ғылыми студенттік үйірмесінің келесі отырысы болып өтті. Үйірме отырысы жоспарға сәйкес университеттен тыс, экскурсия бағытында болып өтті. Студенттер Тәуелсіздік паркке барды, Аймақтық тарихи мұрағат, Құқықтық құжаттар көрмесі және архив пен музейлерді тамашалады. Онда студенттер еліміздің тарихи маңызы бар жәдігерлерімен танысып, қызықты ақпараттар алды. Сонымен қатар, әртүрлі сұрақ-жауаптар мен пікір алмасулар ұйымдастырылды. Үйірменің экскурсиялық отырысынан студенттер біршама білім алып, тарихқа деген қызығушылықтары одан әрі артып, терең әсер алды.

